

**«8D2303-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесіне іздену үшін ұсынылған**

Талғатқызы Гүлнаранын

«Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі»

тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

П І К І Р

«Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» атты диссертациялық жұмысы қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі — сөздердің тіркесімділік қабілетін, оның семантикалық негіздерін және синтагмалық қатынастарын зерттеуге арналған. Сондай-ақ тілтанымдық жүйедегі тіркесімділікті категория ретінде тануға және оның негіздемесін дәлелдеуге бағытталған. Жұмыста тіркесімділік ұғымының теориялық негіздері талданып, сөз мағынасы мен оның тіркес құрау қабілеті арасындағы өзара байланыс, валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарының айырмашылықтары ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда зерттелген.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы — тіркесімділік категориясы мен сөз мағынасының өзара қатынасын, семантикалық және грамматикалық тіркесімділік заңдылықтарын анықтауында, осы мәселелерді қазіргі лингвистикалық парадигма тұрғысынан қарастыруында. Докторант тіл бірліктерінің тіркесу заңдылықтарын анықтап қана қоймай, олардың валенттілік мүмкіндіктерін де жүйелі саралаған. Сонымен қатар, жұмыста тіркесімділіктің микроконтекст пен макроконтекст деңгейіндегі қызметі, лексикалық мағыналардың дистрибуциясы, семантикалық валенттілік пен синтагмалық шектеулер мәселелері нақты мысалдармен дәйектелген.

Жұмыс құрылымы, мазмұны мен әдістемелік негіздері талаптарға сай орындалған. Зерттеу барысында докторант отандық және шетелдік лингвистикадағы еңбектерді салыстыра отырып, ғылыми тұжырымдарын дәлелді етіп көрсеткен. Жұмыстың теориялық маңызы мен практикалық құндылығы жоғары.

Диссертация мазмұны құрылымдық және мазмұндық жағынан логикалық жүйеге құрылған. Жұмыс кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Әрбір тарауда нақты лингвистикалық проблемалар өз деңгейінде ашылып, теориялық тұжырымдар мен практикалық мысалдар арқылы дәйектелген.

Бірінші тарауда тіркесімділік ұғымының теориялық негіздері қарастырылып, тіркесімділік пен валенттілік категорияларының өзара байланысы мен айырмашылықтары сараланған. Тіркесімділікке қатысты шетел және отандық лингвистиканың негізгі бағыттары мен тұжырымдары қамтылып, ғылыми шолу жасалған.

Екінші тарауда тіркесімділіктің семантикалық жүйесі нақты грамматикалық құрылымдар негізінде сипатталған. Мәселен, «сын есім + зат есім», «зат есім + зат есім», «зат есім + етістік» үлгілеріне негізделген синтагмалық қатынастар мен олардың мағыналық қызметі анықталған. Бұл

бөлімде тіркесу барысында туындайтын атаулық, сипаттық және предикативтік қатынастар нақты мысалдармен берілген.

Үшінші тарауда тіркесімділік категориясының комбинаторлық жүйесі, тіркесімдердің типологиясы, семантикалық өрістер мен тіркес заңдылықтары теориялық негізде талданып, тіркесімнің дистрибуциясы мен комбинаторлық мүмкіндіктері нақты тілдік деректер арқылы көрсетілген.

Қосымша бөлімдерде талғаусыз және талғаулы есім тіркестеріне қатысты материалдар ұсынылып, жұмыстың практикалық құндылығын арттыра түседі.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс – қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі – тіркесімділіктің семантикалық және комбинаторлық аспектілерін тереңірек зерделеуге бағытталған тиянақты зерттеу. Жұмыс тілі ғылыми стильге сай, терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған, тұжырымдар мен қорытындылар нақты және дәлелді.

Жалпы, диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан тиянақты, ғылыми аппарат толық сақталған, қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізілген. Докторанттың ғылыми зерттеу жүргізу біліктілігі мен лингвистикалық талдау қабілеті қалыптасқаны байқалады.

Докторант Талғатқызы Гүлнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған ғылыми зерттеу және осы зерттеу барысында 3 мақала scopus базасындағы 55 процентильден жоғары журналға (h-1) және 4 мақала БҒМҒК тіркеуіндегі рецензияланатын журналға жариялауы, екі сөздік құрастырушысы ретінде ғылыми әлеуеті жеткілікті деп бағалай отырып, кафедраішілік талқылауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Отандық жетекші



А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарның кандидаты,
қауымдастырылған профессор

А.Әмірбекова

